

Химиялық тепе-теңдік




Химиялық тепе-теңдік күйге әрекеттесетін заттардың концентрациясы, температура ал газ күйіндегі заттарға қысым әсер етеді.

Реакциялаушы жүйенің бір тепе-теңдік күйден басқа тепе-теңдік күйге ауысуын химиялық тепе-теңдіктің ығысуы деп аталады.

1884жылы химиялық тепе-теңдіктің ығысу заңдылығы қортындыланып шығарылады. Бұл заңдылықты

«Ле Штателье» деп атайды.



Химиялық тепе-теңдік

Бірдей жағдайда қарама-қарсы екі бағытта жүретін реакциялар қайтымды реакциялар деп аталады.




*Солдан оңға қарай жазылған реакция **тура**, ал оңнан солға қарай жазылған реакция **кері** реакция деп аталады.*




Қайтымды реакцияларда, тура және кері реакциялардың жылдамдықтары теңескен күйді химиялық тепе-теңдік деп атайды.

Химиялық тепе-теңдік кезінде реакциялар тоқтап қалмайды, тек қарама-қарсы реакциялардың жылдамдықтары ғана теңесетін процесс. Сондықтан оны жылжымалы немесе динамикалық тепе-теңдік деп атайды

Гомогенді реакция реагенттердің арасында бүкіл көлемде жүреді, яғни реагенттердің арасында беттік бөліну болмайды.



Гетерогенді химиялық реакция реагенттердің арасында фазалардың біттік бөліну аралығында жүреді.



Гомогенді реакциялардың жылдамдығы жүйенің көлем бірлігінде және кесімді уақытта реакцияға түскен немесе реакция нәтижесінде түзілген заттардың мөлшерімен өлшенеді.

Гетерогенді реакциялардың жылдамдығы фазалар айырығының аудан беті бірлігінде және кесімді уақытта реакцияға түскен немесе реакция нәтижесінде түзілген заттардың мөлшерімен өлшенеді.

